

"Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша  
"Халық-Life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы  
Басқармасының шешімімен  
**мақұлданды**  
(2018 жылғы 25 қазандағы № 121 отырыс хаттамасы)

"Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша  
"Халық-Life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
**бекітілді**  
(2018 жылғы 01 қарашадағы № 65 отырыс хаттамасы)

## **Жазатайым жағдайдан ерікті түрде сақтандыру ҚАҒИДАСЫ**

**Бұл электрондық көшірме тек ақпарат үшін қолданылады.  
Құжаттың бұл басылымы 13.03.2021 жылдан бастап қолданыстан шығарылды.**

## Құжаттың мазмұны

|                                                                                                                                               |    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1-бөлім. Жалпы ереже .....                                                                                                                    | 3  |
| 1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы .....                                                                                                    | 3  |
| 2-тарау. Терминдер және қысқартулар .....                                                                                                     | 3  |
| 2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері.....                                                                                               | 4  |
| 3-тарау. Осы Сақтандыру қағидасына сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері..                                                       | 4  |
| 3-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру.....                                               | 5  |
| 4-тарау. Сақтандыру шартының мәні .....                                                                                                       | 5  |
| 5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі .....                                                                                                | 5  |
| 6-тарау. Сақтандыру жағдайы .....                                                                                                             | 6  |
| 7-тарау. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі .....                                                                                            | 6  |
| 8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімдері.....                                        | 6  |
| 9-тарау. Сақтандырылушы .....                                                                                                                 | 7  |
| 10-тарау. Пайда алушы.....                                                                                                                    | 7  |
| 11-тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру арқылы қорғау әрекетінің мерзімі және орны .....                                                | 7  |
| 12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....                                                                                          | 7  |
| 13-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері.....                                                                                                   | 9  |
| 14-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптары .....                         | 9  |
| 15-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі .....                                                               | 9  |
| 16-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері.....                                                             | 10 |
| 17-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары .....                                                                                           | 11 |
| 18-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі .....                                                                 | 11 |
| 19-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі.....                                                                      | 12 |
| 4-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші, екінші не үшінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі жағдайында сақтандыру ..... | 12 |
| 20-тарау. Сақтандыру жағдайы .....                                                                                                            | 12 |
| 21-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері .....               | 12 |
| 22-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі. ....                                                               | 13 |
| 23-тарау. Пайда алушы.....                                                                                                                    | 13 |
| 5-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру.....                                        | 14 |
| 24-тарау. Сақтандыру жағдайы .....                                                                                                            | 14 |
| 25-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері .....               | 14 |
| 26-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі .....                                                               | 14 |
| 27-тарау. Пайда алушы.....                                                                                                                    | 15 |
| 6-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру .....                              | 15 |
| 28-тарау. Сақтандыру жағдайы .....                                                                                                            | 15 |
| 29-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері .....               | 15 |
| 30-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі .....                                                               | 15 |
| 31-тарау. Пайда алушы.....                                                                                                                    | 16 |
| 7-бөлім. Қорытынды ереже .....                                                                                                                | 16 |
| 32-тарау. Қосымша талаптар .....                                                                                                              | 16 |

## 1-бөлім. Жалпы ереже

### 1-тарау. Мақсаты және қолдану саласы

1. «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы осы Жазатайым жағдайдан ерікті түрде сақтандыру қағидасына сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру қағидасы), жеке және заңды тұлғалармен жазатайым жағдайдан ерікті түрде сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты не Полис) жасайды.

2. Осы Сақтандыру қағидасының көшірмесі Полисті жасау кезінде клиентке беріледі. Сақтандыру қағидасы Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

### 2-тарау. Терминдер және қысқартулар

3. Осы Сақтандыру қағидасында осы Сақтандыру қағидасын іске асыру мақсатында қолданылатын келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) **еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылу (уақытша еңбекке жарамсыздық)** – еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруге немесе мүгедектікті белгілеуге қажет уақыт ішінде кәсіби еңбекті орындай алмағандықтан міндеттер бұзылатын аурулармен немесе жарақатпен ескертілген адам ағзасының жағдайы;

2) **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға; Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы тағайындайды, сақтандыру өтінішінде көрсетіледі;

3) **сақтандыру шарты** – тараптардың жазбаша келісімі, ол бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарнасын төлеуге міндеттенетін, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында анықталған сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асыруға міндеттенеді.

Сақтандыру шарты осы Сақтандыру қағидасының жекелеген ережесінің өзгертілуін, алынып тасталуын көздеуі мүмкін.

4) **кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері** – ата-анасы, асырап алушылары, қамқоршысы, асырап алған ата-анасы, патронат тәрбиешісі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық танытуды, білім, тәрбие беруді, құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын оларды ауыстыратын басқа да тұлғалар;

5) **Сақтандырылушы** – сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. 6 (алты) жастан зейнеткерлік жасқа дейін болуы мүмкін жеке тұлға Сақтандырылушы болуы мүмкін;

6) **жазатайым жағдай** – адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, Сақтандырылушының денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне не қайтыс болуына алып келген, оның ағзасына сырттан механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер етуі нәтижесінде кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай);

7) **сақтандыру объектісі** – жазатайым жағдай салдарынан Сақтандырылушының еңбекке қабілеттілігінен айырылуына, денсаулығының нашарлауына немесе қайтыс болуына байланысты кіріске (уақытша немесе тұрақты) және (немесе) қосымша шығысқа байланысты мүліктік мүддесі;

8) **спортпен кәсіби шұғылдану** – спортшының жаттығу күшін және спорт жарыстарына бұдан кейін қатысуын болжайтын, дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алатын, дене жаттығуларына байланысты белгілі бір спорт түрімен жүйелі түрде шұғылдануы;

9) **спорттық жарыс** – бірнеше қатысушының (командалардың) жарысқа қатысуын көздейтін, регламенті, қатысу қағидасы және жарысты ұйымдастыруға қажет басқа да белгілері бар ұйымдық іс-шара;

10) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған тұлға, сақтандыру шарты бойынша барлық құқығы бар және өз мойнына барлық міндеттемені алатын полис иегері. Егер жеке тұлға Сақтанушы болған жағдайда, ол біруақытта Сақтандырылушы бола алады;

11) **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалатын тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

12) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру қағидасында белгіленген талаптарға сәйкес әрбір өтелім бойынша тиісті сақтандыру сомасы аясында төлейтін ақша сомасы;

13) **сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы)** – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы;

14) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен тұратын ақша сомасы;

15) **сақтандыру полисі** – сақтандыру шартының онда және Сақтандыру қағидасында көрсетілген талаптарда жасалғанын растайтын, Сақтандырушы Сақтанушыға беретін құжат.

Осы сақтандыру қағидасының талаптарын іске асыру мақсатында, сақтандыру полисі (бұдан әрі – Полис) келесідей бөлінеді:

а) түпнұсқа полис – сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға беретін полис;

б) жаңартылған полис – бұрын берілген полистің орнына Сақтандыру шартына кейбір өзгертулер немесе толықтырулар енгізілгенде Сақтандырушы Сақтанушыға беретін полис.

16) **сақтандыру жағдайы** – басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

17) **сақтандыру мүддесі** – сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру жағдайының тәуекелін болдырмауға және басталуына жол бермеуге мүлктік мүддесі

18) **дене жарақаты** - Сақтандырылушының ағзасына сырттан механикалық, термикалық, электрлік немесе химиялық әсер етуі нәтижесінде туындайтын, жалпы тіннің, органдардың немесе барлық ағзаның зақымдануы;

#### 4. Қысқартулар:

- 1) ДКК - дәрігерлік-консультациялық комиссия;
- 2) Полис – сақтандыру шарты/Жазатайым жағдайдан ерікті түрде сақтандыру полисі;
- 3) Сақтандыру қағидасы – Жазатайым жағдайдан ерікті түрде сақтандыру қағидасы;
- 4) Компания – "Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша "Халық-life" еншілес компаниясы" акционерлік қоғамы.

## 2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері

### 3-тарау. Осы Сақтандыру қағидасына сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері

5. 3-бөлімде көрсетілген талаптар жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыруға қатысты қолданылады. Тараптардың келісімі бойынша Полиске/сақтандыру шартына 3-бөлімде берілген талаптарға қосымша ретінде сақтандырудың қосымша талаптары кіргізілуі мүмкін.

6. Егер Полисте/сақтандыру шартында Полиске/сақтандыру шартына қосымша сақтандыру көзделген жағдайда ғана, сақтандыру шартының қосымша талаптары әрекет етеді.

7. Сақтандырудың қосымша талаптарына келесілер кіреді:

1) осы Сақтандыру қағидасының 4-бөлімінде көрсетілген, Сақтандырылушыға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру;

2) осы Сақтандыру қағидасының 5-бөлімінде көрсетілген, Сақтандырылушы дене жарақатының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру;

3) осы Сақтандыру қағидасының 6-бөлімінде көрсетілген, Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру.

8. Сақтанушы (Сақтандырылушы) полистің/сақтандыру шартының қосымша талаптарын бірге де, әрқайсысын бөлек те таңдай алады.

9. Осы Сақтандыру қағидасының 4-6-бөлімдерінде өзгеше тікелей көзделген жағдайды қоспағанда, оның 3-бөлімінде көрсетілген ереже аталған бөлімдерде көрсетілген полистің/сақтандыру шартының қосымша талаптарына қолданылады.

10. Полиске/Сақтандыру шартына қосымша талаптарды кіргізу үшін, Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішінде Сақтандырушыға

көрсетуге міндетті. Сақтандырушы полиске/сақтандыру шартына қосымша талапты кіргізуге келіскен кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға осы Сақтандыру қағидасында анықталған тәртіпте тиісті мәліметтер көрсетілген полисті/Сақтандыру шартын береді.

11. Кез келген жағдайда, осы Сақтандыру қағидасының 4-9 бөлімдерінде көрсетілген талаптар осы Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде көрсетілген сақтандыру шартының талабына қатысты қосымша талаптар болып табылады және аталған талапсыз сақтандыру шартына кіргізілмейді.

12. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде толық көлемде төлеген кезде, қосымша талаптар Полисте/Сақтандыру шартында көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді.

13. Полистің/сақтандыру шартының әрекеті:

1) полистің/сақтандыру шартының әрекеті аяқталған немесе тоқтатылған;

2) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) толық көлемде төленбеген;

3) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған;

4) сақтандырудың тиісті қосымша талабына қатысты белгіленген сақтандыру сомасы аясында жүзеге асырылатын сақтандырудың қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемдерін қоспағанда, Сақтандыру қағидасының 3-тарауында белгіленген сақтандыру шартының талаптары бойынша бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа жағдайларда тоқтатылады.

### **3-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру**

#### **4-тарау. Сақтандыру шартының мәні**

14. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге міндетті.

15. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асыруға міндетті.

#### **5-тарау. Сақтандыру шартын жасау тәртібі**

16. Сақтандыру шарты:

1) тараптардың сақтандыру шартын жасауы арқылы;

2) Сақтанушыны Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген (қосылу шарты) типтік талаптарға (сақтандыру қағидасына) қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша түрде жасалуы мүмкін. Бұл ретте, берілетін Полиске Сақтандыру қағидасының көшірмесі қоса тіркеледі. Бұл құжаттар (Полис және Сақтандыру қағидасының көрсетілген көшірмесі) бірге сақтандыру шарты болып табылады.

17. Сақтандыру шартын жасау үшін, сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Сақтандыру қағидасымен танысуға және Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішін Сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

18. Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) сақтандыру өтінішінде (немесе сақтандыру шартымен байланысты Сақтандырушының жазбаша сұратуына сәйкес, тиісті құжатта) сақтандыру жағдайының басталу ықтималын анықтау үшін өзіне белгілі болған едәуір маңызды мәліметтерді хабарлауға міндетті.

19. Сақтандырушының Сақтанушыға шарт жасалатын кезеңде жіберілген сақтандыру өтінішінде немесе жазбаша сұратуларында көрсетілген, осы Сақтандыру қағидасында анық ескертілген жағдайлар кез келген жағдайда маңызды болып табылады.

20. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 19-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгіленетін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының жарамсыз деп танылуын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген салдардың қолданылуын талап

етуге құқылы. Егер Сақтанушы жасырған жағдайлар болмаған болса, Сақтандырушы шарттың жарамсыз деп танылуын талап ете алмайды.

21. Сақтандырушының сақтандыру өтінішін алуы оны сақтандыру шартын жасауға міндеттемейді. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі Сақтанушыға сақтандыру талаптары көрсетілген полистің берілгенімен расталады.

22. Психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған тұлғалар, наркологиялық диспансерде есепте тұрған тұлғалар, қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-атқарушылық жүйе мекемесінде жазасын өтеуші тұлғалар, кез келген себеппен 1, 2, 3 (бірінші, екінші, үшінші) топтағы мүгедектер, сондай-ақ Сақтандырушының андеррайтері қабылдамаған тұлғалар сақтандырылмауы тиіс. Аталған тұлғаларға қатысты жасалған Сақтандыру шарты жасалған сәттен бастап жарамсыз болып табылады, ал Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының (жарнасының) қайтарылуын жүргізу қажет болатын деректемелерді көрсете отырып, сақтандыру сыйлықақысын (жарнасын) қайтару өтінішін берген сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде төленген сақтандыру сыйлықақысы (жарнасы) қайтарылуы тиіс

23. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру өтініші және осы Сақтандыру қағидасында анық ескертілген өзге де құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

24. Егер Сақтандыру шарты Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына Сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, Сақтанушының тиісті жағдайларды хабарламауына байланысты, салдарынан Сақтандырушы шарттың бұзылуын немесе оның жарамсыз деп танылуын талап ете алмайды.

25. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптар толық болмағаны үшін жауапкершілікті Сақтандырушы көтереді. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан аталған шарт бойынша дау туындаған жағдайда, ол Сақтанушы пайдасына шешіледі.

#### **6-тарау. Сақтандыру жағдайы**

26. Жазатайым жағдай нәтижесінде сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде басталған Сақтандырылушының қайтыс болуы Сақтандыру қағидасының осы Бөлімі бойынша (бұдан әрі – Негізгі талап) сақтандыру жағдайы болып табылады.

27. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада келесі белгілер бар болуы тиіс:

- 1) оның басталу ықтималы және кездейсоқтығы;
- 2) оқиғаның басталған нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталған нәтижесінде залал мөлшеріне қатысты болжай алмау;
- 3) оқиғаның болмай қалмауы және шарт әрекеті аясында әділ орын алуы тиіс екені туралы қауіптің болмауы, бұл туралы тараптар немесе қалай болғанда да сақтанушы әдейі білген немесе алдын ала хабардар болуы;
- 4) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдары бар оқиғаның басталуы;
- 5) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) ерік білдіруімен және (немесе) ниетімен байланысы жоқ және пайда көру мен (немесе) ұту мақсатын (алып-сатарлық тәуекел) көздемейтін оқиғаның басталуы.

#### **7-тарау. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі**

28. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында/Полисте көрсетіледі.

#### **8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімдері**

29. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді біржолғы немесе мерзімдік сақтандыру жарнасы түрінде бөліп жүргізеді.

30. Сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) Сақтандырушының банк шотына қолма-қол ақшасыз төлем арқылы (аударым) төленуі мүмкін. Сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігі және оған тиесілі мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында көрсетіледі.

31. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін аталған сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті. Басқалай жағдайда, сақтандыру жарнасының мерзімі өткен болып есептеледі.

32. Сақтандыру жарнасын төлеуді немесе аударуды жүзеге асыруға байланысты шығыс пен тәуекелді Сақтанушы көтереді.

33. Сақтанушы сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемегенде жағдайда, сақтандыру шартының әрекеті осы Сақтандыру қағидасында белгіленген талаптарда мерзімінен бұрын тоқтатылатын болады.

#### **9-тарау. Сақтандырылушы**

34. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болмаса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылушының Полисті/сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін ұсынуға міндетті.

35. Егер жасы он төртке жетпеген кәмелетке толмаған Сақтандырылушының (сақтандыру шарты жасалатын күнге) заңды өкілі Сақтанушы болса, осы Тараудың 34-тармағы талаптары қолданылмайды.

#### **10-тарау. Пайда алушы**

36. Жазатайым жағдай нәтижесінде сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде басталған, Сақтандырылушының қайтыс болуы сияқты сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырылушы Пайда алушы болып табылады.

37. Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға ауысады, ал егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылса, заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтанушының мұрагерлеріне ауысады.

38. Егер Пайда алушы және Сақтандырылушы біруақытта (бір күнде) қайтыс болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы барлық Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болғандай болады (осы Тараудың 37-тармағы).

#### **11-тарау. Сақтандыру шартының және сақтандыру арқылы қорғау әрекетінің мерзімі және орны**

39. Полис/Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы/бірінші сақтандыру жарнасы толық көлемде төленетін күннен ерте болмайтын, қол қойылған, аталған Полисте/шартта белгіленген күннен бастап күшіне енеді.

40. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын/сақтандыру сыйлықақысын уақтылы және толық төлегенде, сақтандыру арқылы қорғау (Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі) Полисте/Сақтандыру шартында көрсетілген әрекет мерзіміне сәйкес келеді.

41. Егер Полисте/Сақтандыру шартында көрсетілген мерзім ішінде сақтандыру жарнасын/сақтандыру сыйлықақысын төлейтін мерзім ретінде тиісті сақтандыру жарнасы/сақтандыру сыйлықақысы төленбейтін болса немесе толық төленбейтін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және Сақтандыру қағидасының 17-тарауында белгіленген талаптарда күшіне енген болып есептеледі.

42. Сақтандыру арқылы қорғау Полисте/Сақтандыру шартында көрсетілген, Сақтанушы сақтандыру өтінішінде белгілеген аумақта әрекет етеді.

#### **12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

43. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;
- 3) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруін талап етуге;
- 4) сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

5) сақтандыру полисін жоғалтқанда, оның телнұсқасын алуға, бұл ретте сақтандыру полисі телнұсқасының нөмірі жоғалған сақтандыру полисінің нөмірімен бірдей болуы тиіс.

44. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;

2) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабардар етуге;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, қандай жағдайда да тезарада бұл туралы хабардар етуге.

Бұл ретте, егер Сақтанушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі Сақтанушының еркінен тыс болған себептермен ескертілген болса және аталған деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, онда мұндай жағдайда Сақтандырушының хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіздеме болмайды.

Сақтанушының еркінен тыс болған жағдайлар, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни мұндай жағдайларда төтенше және ырық бермейтін жағдайлар (форс-мажор), соның ішінде табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар және т.б. хабардар етпеуіне немесе уақтылы хабардар етпеуіне дәлелді себеп болады;

4) сақтандыру жағдайларын ескертуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

5) егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса Сақтандырылушының сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін Сақтандырушыға ұсынуға.

45. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

3) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайларын және себептерін тексеруге;

4) Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландыруы нәтижелері туралы анықтаманы кез келген уақытта талап етуге құқылы;

5) Сақтандырушы тағайындаған, соның ішінде мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мүгедектікті тексеру үшін тағайындаған дәрігерлердің Сақтандырылушыға жылына бір реттен артық болмайтын қосымша медициналық тексеруді Сақтандырушы есебінен өткізуге (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған болса, көлік шығысын қоспағанда);

6) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізделмеген қорытындысына және/немесе Сақтандырылушының мүгедектігі немесе еңбекке қабілеттілігінен айырылғаны туралы құжаттарды мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің заңсыз бергеніне шағым беруге.

46. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандыру шартын жасағанда Сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;

2) Сақтанушыны Сақтандыру қағидасымен таныстыруға және оның талап етуімен Сақтандыру қағидасының көшірмесін ұсынуға (жіберуге), сондай-ақ сақтандырудың барлық талаптарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүргізуге;

4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

5) Сақтанушы (сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, осы Сақтандыру қағидасында белгіленген мерзімде жетпейтін құжаттар туралы хабардар етуге (Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді).

6) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасы жоғалған кезде, Сақтанушы осы Сақтандыру қағидасының 32-тарауы 117-тармағында көрсетілген талаптарды орындаған жағдайда, оның талап етуімен оған Полистің/Сақтандыру шартының телнұсқасын беруге.

Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерде Сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

### **13-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері**

47. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде жүзеге асыруға міндетті сақтандыру төлемінің мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшеріне тең.

### **14-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптары**

48. Сақтанушы (Пайда алушы) өзіне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғаннан кейін қалай болғанда да сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны тезарада хабардар етуге міндетті. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушы) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімде дәлелді себептермен хабардар ету мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабардар етпеу себебі туралы жазбаша түсініктеме беруі тиіс және бар болса құжат бойынша растауы тиіс.

49. Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

50. Сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы Пайда алушыға (Сақтанушыға) қабылданған құжаттардың толық тізбесі көрсетілген анықтаманы ұсынады.

51. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

52. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етілген күннен бастап сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге құқылы.

53. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға не оны жүзеге асырудан бас тарту туралы себептемелі шешімді ұсынуға міндетті.

54. Сақтандыру жағдайы бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдаған күнге дейін Сақтандырушы сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы, бұл ретте Сақтандырушы Пайда алушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттілігі туралы хабардар етеді.

55. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемінің ақшасын төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

56. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының сақтандыру төлемі жүзеге асырылатын күнге туындаған берешегінің мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

### **15-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі**

57. Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде қайтыс болуы сияқты басталған сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасын;
- 2) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе оның нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 3) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы дәрігерлік куәлік немесе оның нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 4) химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар қайтыс болу себептері мен

жағдайлары туралы сот-медициналық сараптама немесе патологиялық анатомиялық зерттеу қорытындысының осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қол қоюымен (егер сараптаманың немесе зерттеудің жүргізілуі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса) куәландырылған көшірмесін), бар болса;

5) тұрақты аурудың медициналық картасының берген мекеменің мөрімен куәландырылған үзінді көшірмесінің көшірмесін;

6) амбулаториялық картаның мекеме берген мөрмен куәландырылған көшірмесін, бар болса.

58. Сақтандырушы сондай-ақ келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысы) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелерін;

2) егер сақтандыру жағдайы өндірісте болған болса, өндірістегі жазатайым жағдай туралы актінің көшірмесін;

59. Пайда алушы Сақтандырушыға жеке басын куәландыратын құжаттарды және сақтандыру төлемін алу құқығын ұсынуға міндетті.

60. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

## **16-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері**

61. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме келесілер болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді, сондай-ақ осы сақтандыру қағидасына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған мән-жайды тергеуде Сақтандырушыға кедергі келтіруі;

3) Сақтанушы (Сақтандырылушы) дәлелді себеппен аталған әрекеттерді орындай алмаған және оны құжат түрінде растаған жағдайды қоспағанда, Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы осы Сақтандыру қағидасында белгіленген мерзім хабардар етілмеуі

62. Егер Сақтандырушының қайтыс болуы келесі жағдайлардың нәтижесінде сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде тікелей немесе жанама басталған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсері;

2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;

3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;

4) қажет қорғаныс және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда (растаушы құжаттар бар болғанда), Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оны болдырған қасақана әрекеттерімен;

5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;

6) Сақтанушы аталған тәуекелді өтеу үшін қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайдан басқа, Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;

7) спортпен шұғылдану, егер Сақтандырылушы өзінің сауалнама-өтінішінде мұндай спорт түрін көрсетпеген болса және мұндай тәуекел қосымша төленбеген болса (тиісті жүктелу

коэффициенті қолданылмаған болса);

8) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді қоспағанда, Сақтандырылушының есірткілік құралдарды пайдалануы,

9) Сақтандырылушы сақтандыру жағдайы басталған сәтте алкогольді не токсикоманиялық масандық жағдайда болуы;

10) жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте, егер мұндай жазатайым жағдайы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде басталған кезде ғана, кез келген аурумен.

63. Осы Тараудың ережесі сондай-ақ сақтандырудың қосымша талаптарына қатысты қолданылады.

### **17-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары**

64. Сақтандыру шарты:

1) Сақтандыру шартының әрекет мерзімі тоқтатылған;

2) Сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырған;

3) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.

65. Сақтанушы сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

66. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан жағдай, Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысы/сақтандыру жарнасы қайтарылмауы тиіс.

67. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Сақтандыру шартын тоқтатуға негіздеме ретінде заңнамада көзделген жағдайлар туындаған сәттен бастап Шарт тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны тезарада хабардар етуге және растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті. Бұл ретте, Сақтандырушы сақтандыру әрекет еткен уақытқа тепе-тең сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқылы.

68. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Сақтандыру сыйлықақысы/сақтандыру жарнасы төленетін мерзім ретінде шартта көзделген күннен кейінгі күннен бастап Сақтандыру шарты бұзылған болып есептеледі.

69. Сақтандыру қағидасының осы Тарауы 68-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартының әрекетін мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар бір-бірін Сақтандыру шартын болжамды бұзатын күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

### **18-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

70. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Сақтанушының Сақтандырушыға ұсынатын өзгертулер мен толықтырулар туралы өтініші негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте сақтандыру мерзімі мен Сақтандырылушы өзгертілмеуі тиіс.

71. Өтініш берілген күнге барлық сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленгенде, сондай-ақ Сақтандырушының мұндай енгізуге және (немесе) толықтыруға келісімі бар болған жағдайда, сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар жазбаша енгізіледі және Сақтандыру шарты күшіне енген болып есептеледі:

1) Полисте тікелей көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерге қатысты жаңартылған полис шығарылған күннен бастап;

2) Полисте көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерді қоспағанда, сақтандыру өтінішінде тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты Сақтандырушының келісімін растайтын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмеген болса, Сақтандырушы шығыс құжатты тіркеген күннен бастап;

3) Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру талаптарына қатысты, Сақтандыру шартының тиісті қосымша келісімінде көрсетілген күннен бастап.

72. Жаңартылған полис осыған дейін шығарылған полиске немесе осыған дейін шығарылған полистің телнұсқасына ауыстырылады. Жаңартылған полис сақтандыру шартының

ажырамас бөлігі болып табылады және оны шығарған күннен кейін осыған дейін шығарылған полис (оны жоғалтып алған кезде, телнұсқа) күшін жоғалтады.

73. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру шартының талаптарына қатысты және жаңа заңнамалық актілер қабылданғанға дейін жасалған шарттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу талаптарын белгілейтін мұндай актілер қабылданған болса немесе қолданысты заңнамалық актілер өзгертілген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар және/немесе өзгертулер енгізуге құқылы

#### **19-тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі**

74. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген оның орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына хабарлама жібереді.

75. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері өзгертілген кезде, Сақтандырушыға жаңа мекенжайын онкүндік мерзімде хабарлауға міндетті. Басқалай жағдайда, тараптар алдыңғы орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына жіберілген хабарламаны орындаған (жарамды) болып есептеледі.

76. Егер Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасында сенім білдірілген, Сақтанушыға хат-хабарлардың жеткізілуіне жауапты тұлғаны көрсетуге міндетті.

### **4-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші, екінші не үшінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі жағдайында сақтандыру**

#### **20-тарау. Сақтандыру жағдайы**

77. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші, екінші не үшінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады. Бұл ретте Сақтандырылушыға бірінші, екінші не үшінші топтағы мүгедектік жазатайым жағдайы басталған сәттен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей белгіленуі тиіс. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада осы Сақтандыру қағидасының 27-тармағында көрсетілген белгілер бар болуы тиіс.

78. Мүгедектік тобын анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Белгіленген сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған мүгедектікті белгілеу жүргізілетін заңнамаға кез келген өзгертулер мен толықтырулар Сақтандырушының аталған шарт аясындағы жауапкершілігінің ұлғаюына алып келмейді.

79. Сақтандырылушының мүгедектік тобын, оның белгіленген себептерін, мерзімін және уақытын анықтауды Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға мүгедектік тобын заңнамалық акті негізінде белгілеуге уәкілеттігі бар мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) жүргізеді.

#### **21-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері**

80. Сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында анықталады және белгіленеді.

81. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде сақтандыру төлемінің мөлшері "Жазатайым жағдай болғандықтан I, II немесе III топтағы мүгедектік" сақтандыру өтелімі бойынша сақтандыру сомасының 80%-ға тең.

82. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде сақтандыру төлемінің мөлшері "Жазатайым жағдай болғандықтан I, II немесе III топтағы мүгедектік" сақтандыру өтелімі бойынша сақтандыру сомасының 50%-ға тең.

83. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға үшінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде сақтандыру төлемінің мөлшері "Жазатайым жағдай болғандықтан I, II немесе III топтағы мүгедектік" сақтандыру өтелімі бойынша сақтандыру сомасының 20%-ға тең.

84. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 22-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

85. Сақтандыру төлемі Сақтандырылушының жазатайым жағдайдан бірінші белгіленген мүгедектігі бойынша жүзеге асырылады. Сақтандырудың осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының осы талаптарының әрекеті тоқтатылады.

## **22-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі.**

86. Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасын;
- 2) Сақтандырылушының мүгедектігі туралы уәкілетті мемлекеттік органның нотариаттық куәландырылған анықтамасын;
- 3) Сақтандырылушының куәландыру актісінің және медициналық-әлеуметтік сараптама берген сараптама қорытындысының нотариаттық куәландырылған көшірмелерін (бұдан әрі – МӘС);
- 4) МӘС-қа жіберілген құжаттың, берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 5) Сақтандырылушының медициналық мекеме берген медициналық картасының үзінді көшірмесін немесе берген мекеменің мөрімен куәландырылған үзінді көшірменің көшірмесін;
- 6) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін, бар болса;
- 7) рентген кескіндер.

87. Сақтандырушы сондай-ақ келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

- 1) еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі туралы анықтаманың көшірмесін;
- 2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелері;
- 3) егер сақтандыру жағдайы өндірісте болған болса, өндірістегі жазатайым жағдай туралы актінің көшірмесін;
- 4) ДKK қорытынды;
- 5) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын.

88. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін:

- 1) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тексеруге;
- 2) Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландыру нәтижелері туралы анықтаманы кез келген уақытта талап етуге;
- 3) Сақтандырылушыға Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлердің қосымша медициналық тексеру, соның ішінде мемлекеттік уәкілеттік орган белгілеген мүгедектік топты тексеру үшін Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс болса, көлік шығысын қоспағанда) жылына бір реттен артық болмайтын мөлшерде өткізуге;
- 4) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізделмеген қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергеніне шағым беруге құқылы.

89. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

## **23-тарау. Пайда алушы**

90. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру талаптары бойынша Сақтандырылушы Пайда алушы болып табылады.

## **5-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру**

### **24-тарау. Сақтандыру жағдайы**

91. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде келтірілген дене жарақаты жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада осы Сақтандыру қағидасының 27-тармағында көрсетілген белгілер бар болуы тиіс.

### **25-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері**

92. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында көрсетіледі.

93. Сақтандырушы жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесіне" сәйкес Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының пайыздарында анықтайды.

94. Бір жазатайым жағдай нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің мөлшері ең үлкен жарақатты көздейтін тармаққа сәйкес жүргізіледі.

95. Бір жазатайым жағдай нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша бөлек жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

96. "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі дене жарақаттарының санына қарамастан, аталған тармаққа сәйкес біржолғы белгіленген мөлшерде жүргізіледі.

97. Сақтандыру төлемінің мөлшері дене жарақаты болған жағдайда аяқ-қолдың бір мүшесіне белгіленген ("Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде" белгіленген жағдайларды қоспағанда), аяқ-қолдың екі мүшесінің ұқсас дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшері екі еселенеді.

98. Сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» не Сақтандыру шартында ескертілмеген дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

99. Кез келген жағдайда, барлық сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері аталған өтелім бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

100. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 26-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

### **26-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі**

101. Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасын;
- 2) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін,
- 3) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;
- 4) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 5) рентген-кескін.

102. Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

- 1) берген мекеменің мөрімен куәландырылған сот-медициналық сараптама көшірмелерін;
- 2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысы) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелерін;
- 3) егер сақтандыру жағдайы өндірісте болған болса, өндірістегі жазатайым жағдай туралы актінің көшірмесін;
- 4) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын.

103.Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

## **27-тарау. Пайда алушы**

104.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру талаптары бойынша Сақтандырылушы Пайда алушы болып табылады.

## **6-бөлім. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру**

### **28-тарау. Сақтандыру жағдайы**

105.Сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығының белгіленуі жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада осы Сақтандыру қағидасының 27-тармағында көрсетілген белгілер бар болуы тиіс.

106.Уақытша еңбекке жарамсыздықты анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **29-тарау. Сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері**

107.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте/сақтандыру шартында көрсетіледі.

108.Сақтандыру төлемінің мөлшері еңбекке жарамсыз болған 7 (жетінші) күнтізбелік күннен бастап еңбекке жарамсыз болған әрбір күнтізбелік күн үшін сақтандыру сомасынан 0,2 % (нөл бүтін оннан бір пайызға) тең. Бір жазатайым жағдайдың басталуы нәтижесінде уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде ең көп күндер саны 60 (алпыс) күнтізбелік күн. Сақтандыру шартының талаптарында Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемінің өзге мерзімі көзделуі мүмкін.

109.Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 30-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

### **30-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі**

110.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасын;
- 2) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін,
- 3) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;

4) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

5) рентген-кескін;

6) уақытша еңбекке жарамсыздығы парағын.

111.Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) берген мекеменің мөрімен куәландырылған сот-медициналық сараптама көшірмелерін;

2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысы) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелерін;

3) егер сақтандыру жағдайы өндірісте болған болса, өндірістегі жазатайым жағдай туралы актінің көшірмесін.

112.егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

### **31-тарау. Пайда алушы**

113.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру талаптары бойынша Сақтандырылушы Пайда алушы болып табылады.

## **7-бөлім. Қорытынды ереже**

### **32-тарау. Қосымша талаптар**

114.Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарландырулар, түсініктемелер жіберілгенін растай алатын тәсілмен жазбаша орындалуы тиіс.

115.Тараптар осы Сақтандыру қағидасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді.

116.Тараптар арасындағы сақтандыру шартында реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

117.Сақтанушы полисті жоғалтқан кезде, Сақтандырушыны ескертуі және полистің телнұсқасын алуға өтініш ұсынуы тиіс. Сақтанушы төлеуі тиіс барлық сақтандыру сомасын толық төлеген жағдайда, Сақтандырушы Полис береді. Полистің телнұсқасы берілгені үшін, Сақтанушы екі жүз теңге мөлшерінде қосымша соманы төлеуге міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған полис жарамсыз болып есептеледі.

118.Сақтандыру шартын жасаған тараптар арасындағы барлық дау келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай дау келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде жауап берушінің орналасқан жері бойынша шешілуі тиіс.

119.Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Сақтандыру қағидасының жекелеген ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, бұл ереже Сақтандыру қағидасына тиісті өзгертулерсіз автоматты түрде күшін жоғалтады. Егер осы Сақтандыру қағидасының ережесінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережені қозғамайды. Жарамсыз ереже тиісті қатынасқа заңды түрде жол берілетін және реттелетін ережемен ауыстырылады.

120.Осы Сақтандыру қағидасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Сақтандыру қағидасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің айырмашылығы бар болған жағдайда, басымдық Сақтандыру қағидасының орыс тіліндегі мәтініне беріледі.